**Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ оны пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 27 шілдедегі № 221 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 12 қыркүйекте № 7913 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 294 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2018 № 294 (01.07.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ оны пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Уәкілетті банктердің ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздері бойынша есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2005 жылғы 29 қазандағы № 135 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3960 тіркелген);

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Уәкілетті банктердің ішкі валюта нарығында сұраныс пен ұсыныс көздері бойынша есеп беру тізбесі, нысандары және ұсыну мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2005 жылғы 29 қазандағы № 135 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" 2010 жылғы 26 шілдедегі № 64 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6446 тіркелген).

3. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

*Ұлттық Банк Төрағасы* *Г. Марченко*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Статистика агенттігі
Төраға Ә.А. Смайылов

___________________________

2012 жылғы 21 тамыз

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 27 шілдедегі
№ 221 қаулысымен
бекітілген

# Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ оны пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздерінің, сондай-ақ оны пайдалану бағыттарының мониторингін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" 2005 жылғы 13 маусымдағы және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздері, сондай-ақ оны пайдалану бағыттары мониторингінің мақсаты банктердің, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың және олардың клиенттерінің ішкі валюта нарығындағы операциялары туралы, клиенттердің банк шоттары

бойынша ақша қозғалысы туралы және шетел валютасында банк шотын ашпай жүргізілген ақша аударымдар туралы ақпаратты жинау арқылы шетел валютасының келіп түсу (жұмсау) көздерін, сатып алу (сату) мақсаттарын сәйкестендіру және бағалау болып табылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2018 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Нұсқаулық ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздері, сондай-ақ оны пайдалану бағыттары мониторингінің субъектілерін және оны жүзеге асыруға арналған есептіліктің нысандары мен беру мерзімдерін айқындайды.

4. Ішкі валюта нарығында шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс көздері, сондай-ақ ішкі валюта нарығында шетел валютасын пайдалану бағыттары бойынша есептілікті (бұдан әрі – есептілік) екінші деңгейдегі банктер, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, "Қазпошта" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – банктер) және банктерді қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар (бұдан әрі – кәсіби қатысушылар) ұсынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2018 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Нұсқаулықтың мақсаттары үшін банктің клиенттеріне заңды тұлғаны құрмай шаруашылық субъектілері ретінде тіркелгендерін қоса алғанда резидент және бейрезидент - жеке тұлғалар, сондай-ақ осы банкте банк шоттары ашылған филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда банктер болып табылмайтын резидент және бейрезидент - заңды тұлғалар жатады.

Нұсқаулықтың мақсаттары үшін кәсіби қатысушының клиенттеріне заңды тұлғаны құрмай шаруашылық субъектілері ретінде тіркелгендерін қоса алғанда резидент және бейрезидент - жеке тұлғалар, сондай-ақ осы кәсіби қатысушы брокерлік қызмет көрсету туралы шарттар жасасқан олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда банктер болып табылмайтын резидент және бейрезидент - заңды тұлғалар жатады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2018 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Есептілікті жасау кезінде операцияларды жіктеу есептілік нысандарында көзделген нақтылау ескеріле отырып, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14365 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен

бекітілген Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## 2-тарау. Есептіліктің нысандары мен ұсыну мерзімдері

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.12.2017 № 248 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Есептілік Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) орталық аппаратына электрондық түрде ұсынылады және мыналарды:

1) Нұсқаулыққа 1-қосымшада белгіленген "Клиенттердің банк шоттары және банк шотын ашпай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын;

2) Нұсқаулыққа 2-қосымшада белгіленген "Банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын;

3) Нұсқаулыққа 3-қосымшада белгіленген "Клиенттердің шетел валютасындағы банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын;

4) Нұсқаулыққа 4-қосымшада белгіленген "Банк клиенттерінің шетел валютасының ірі көлемдерін сатып алу операциялары туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын;

5) Нұсқаулыққа 5-қосымшада белгіленген "Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын қамтиды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2018 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Есептілік клиенттердің барлық банк шоттары және шетел валютасында банк шотын ашпай жүргізілген аударымдар бойынша ақпарат, сондай-ақ бір банктің клиенттері арасындағы операциялар мен бір клиенттің банк шоттары бойынша ақша аударымдары жөніндегі мәліметтер негізінде банктің тұтас жүйесі бойынша ұсынылады.

9. Банктер ай сайын Нұсқаулыққа 1, 2, 3, 4-қосымшаларда белгіленген нысандар бойынша есептерді есепті айдан кейінгі айдың он бесіне (қоса алғанда) дейін ұсынады.

Кәсіби қатысушылар Нұсқаулыққа 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша есепті ай сайын есепті айдан кейінгі айдың он бесіне (қоса алғанда) дейін ұсынады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2018 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. Егер есептілікті ұсыну мерзімінің соңғы күні жұмыс емес күніне келсе, одан кейінгі жұмыс күні есептілікті ұсыну мерзімінің аяқталған күні болып саналады.

11. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2015 № 33 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ішкі валюта нарығында
шетел валютасына сұраныс
пен ұсыныс көздерінің,
сондай-ақ оны пайдалану
бағыттарының
мониторингін жүзеге
асыру жөніндегі
нұсқаулыққа
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2015 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

"Клиенттердің банк шоттары және банк шотын ашпай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп"

Есепті кезең: 20___ жылғы ________________

Индекс: 1-INV

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: уәкілетті банк

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-ші күніне (қоса алғанда) дейін.

Нысан

______________________________________________________________________

(уәкілетті банктің толық атауы)

| № | Көрсеткіштің атауы | Жолдың коды | Барлығы | резиденттер | | резидент еместер | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | оның ішінде операциялар бойынша | | оның ішінде операциялар бойынша | |
| | | | | резиденттермен | резидент еместермен | резиденттермен | резидент еместермен |
| А | Б | В | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1-бөлім. Шетел валютасының клиенттердің пайдасына түсімі | | | | | | | |
| 1 | Барлығы | 10000 | | | | | |
| 2 | оның ішінде: | | | | | | |
| 3 | қарсы әріптестердің төлемдері және банк шоттарына аударымдары : | 11000 | | | | | |
| 4 | жеке тұлғалардың | 11100 | | | | | |
| 5 | заңды тұлғалардың | 11200 | | | | | |
| 6 | оның ішінде мынадай операциялар бойынша: | | | | | | |
| 7 | тауарлар және материалдық емес активтерді сату | 11210 | | | | | |
| 8 | қызмет көрсету | 11220 | | | | | |
| 9 | берілген қарыздар бойынша борыштың және кірістердің негізгі сомасын алу | 11230 | | | | | |
| 10 | қарыздар тарту | 11240 | | | | | |
| 11 | оның ішінде: | | | | | | |
| 12 | резидент банктерден | 11241 | | | X | | X |
| 13 | резидент еместерден | 11242 | | X | | X | |
| 14 | бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар: | 11250 | | | | | |
| 15 | резиденттердің | 11251 | | | | | |
| 16 | резидент еместердің | 11252 | | | | | |
| 17 | басқа да ақша аударымдары | 11260 | | | | | |
| 18 | банк шотын ашпай жүргізілген аударымдар | 12000 | | | | | |
| 19 | клиенттердің өз банк шоттарынан ақша аударымдары | 13000 | | | X | X | |
| 20 | оның ішінде ашылғаны: | | | | | | |
| 21 | резидент банктерде | 13001 | | | X | X | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 22 | резидент емес банктерде | 13002 | | | X | X | |
| 23 | теңгеге шетел валютасын сатып алу | 14000 | | | | | |
| 24 | оның ішінде: | | | | | | |
| 25 | жеке тұлғалар | 14100 | | | | | |
| 26 | заңды тұлғалар | 14200 | | | | | |
| 27 | банк шоттарына қолма-қол шетел валютасын есептеу | 15000 | | | | | |
| 28 | оның ішінде: | | | | | | |
| 29 | жеке тұлғалар | 15100 | | | | | |
| 30 | заңды тұлғалар | 15200 | | | | | |
| 2-бөлім. Клиенттердің шетел валютасын алуы және/немесе аударуы | | | | | | | |
| 31 | Барлығы | 20000 | | | | | |
| 32 | оның ішінде: | | | | | | |
| 33 | қарсы әріптестерге банк шоттарынан жасалатын төлемдер және аударымдар: | 21000 | | | | | |
| 34 | жеке тұлғалардың | 21100 | | | | | |
| 35 | заңды тұлғалардың | 21200 | | | | | |
| 36 | оның ішінде мынадай операциялар бойынша: | | | | | | |
| 37 | тауарлар және материалдық емес активтерді сатып алу | 21210 | | | | | |
| 38 | көрсетілетін қызметтерді алу | 21220 | | | | | |
| 39 | қарыздар беру | 21230 | | | | | |
| 40 | қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау | 21240 | | | | | |
| 41 | оның ішінде мыналардан тартылған: | | | | | | |
| 42 | резидент банктерден | 21241 | | | X | | X |
| 43 | резидент еместерден | 21242 | | X | | X | |
| 44 | бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар: | 21250 | | | | | |
| 45 | резиденттердің | 21251 | | | | | |
| 46 | резидент еместердің | 21252 | | | | | |
| 47 | басқа да ақша аударымдары | 21260 | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 48 | банктік шотын ашпай жүргізілген аударымдар | 22000 | | | | | |
| 49 | клиенттердің өз банк шоттарына ақша аударымдары | 23000 | | | X | X | |
| 50 | оның ішінде мыналарда ашылған: | | | | | | |
| 51 | резидент банктерде | 23001 | | | X | X | |
| 52 | резидент емес банктерде | 23002 | | | X | X | |
| 53 | теңгеге шетел валютасын сату | 24000 | | | | | |
| 54 | оның ішінде: | | | | | | |
| 55 | жеке тұлғалар | 24100 | | | | | |
| 56 | заңды тұлғалар | 24200 | | | | | |
| 57 | өз банк шоттарынан қолма-қол шетел валютасын алу | 25000 | | | | | |
| 58 | оның ішінде: | | | | | | |
| 59 | жеке тұлғалар | 25100 | | | | | |
| 60 | заңды тұлғалар | 25200 | | | | | |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)
________________________________________ ____________
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Бас бухгалтер ______________________________________ _______
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Орындаушы:_______________________________________ _________ _________
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы телефон
Есепке қол қойылған күн 20____ жылғы "_____" _______________

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

"Клиенттердің банк шоттары және банк шотын ашпай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп"

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Клиенттердің банк шоттары және банк шотын ашпай жүргізілген аударымдар бойынша шетел валютасындағы ақша қозғалысы туралы жиынтық есеп" нысанын (бұдан әрі – 1-нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. 1-нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. 1-нысан шетел валютасының түсу көздері мен пайдалану бағыттары бойынша толтырылады.

4. 1-нысан екі бөлімнен тұрады:

1-бөлім - Шетел валютасының клиенттердің пайдасына түсуі;

2-бөлім - Клиенттердің шетел валютасын алуы және/немесе аударуы.

5. 1-нысан мың теңгемен толтырылады. 1-нысанды толтырған кезде бухгалтерлік есеп мақсатында қабылданған операция жасалған күнгі валюта айырбастау бағамы пайдаланылады. Мың бірлікпен берілген деректер үшін бес жүз бірліктен кем сома нөлге дейін, ал бес жүз бірлікке тең және одан асатын сома мың бірлікке дейін дөңгелектенеді.

2. 1-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 1-нысанды толтырған кезде мына талаптардың орындалуын қамтамасыз ету қажет:

барлық жолдар бойынша 1-баған 2, 3, 4, 5-бағандардың сомасына тең;

коды 10000 жол = коды 11000 жол + коды 12000 жол + коды 13000 жол + коды 14000 жол + коды 15000 жол;

коды 11000 жол = коды 11100 жол + коды 11200 жол;

коды 11200 жол = коды 11210 жол + коды 11220 жол + коды 11230 жол + коды 11240 жол + коды 11250 жол + коды 11260 жол;

коды 11240 жол >= коды 11241 жол + коды 11242 жол;

коды 11241 жолда резидент банктерден тартылған қарыздарға сондай-ақ клиенттердің есеп беретін банктен тартқан қарыздары кіреді;

коды 11250 жол = коды 11251 жол + коды 11252 жол;

коды 11260 жолда басқа да ақша аударымдарына төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген аударымдар да кіреді;

коды 13000 жол = коды 13001 жол + коды 13002 жол;

коды 13001 жолда клиенттердің резидент банктерде ашылған өз банк шоттарынан ақша аударымдарына клиенттердің есеп беретін банкте ашылған банк шотынан ақша аударымдары (банкішілік аударымдар) да кіреді;

коды 14000 жол = коды 14100 жол + коды 14200 жол;

коды 15000 жол = коды 15100 жол + коды 15200 жол;

коды 20000 жол = коды 21000 жол + коды 22000 жол + коды 23000 жол + коды 24000 жол + коды 25000 жол;

коды 21000 жол = коды 21100 жол + коды 21200 жол;

коды 21200 жол = коды 21210 жол + коды 21220 жол + коды 21230 жол + коды 21240 жол + коды 21250 жол + коды 21260 жол;

коды 21240 жол >= коды 21241 жол + коды 21242 жол;

коды 21241 жолда клиенттердің резидент банктерден тартқан қарыздары бойынша міндеттемелерді орындау операцияларына клиенттердің есеп беретін банктен тартқан қарыздары бойынша міндеттемелерді орындау операциялары да кіреді;

коды 21250 жол = коды 21251 жол + коды 21252 жол;

коды 21260 жолда басқа да ақша аударымдарына төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген аударымдар да кіреді;

коды 23000 жол = коды 23001 жол + коды 23002 жол;

коды 23001 жолда клиенттердің резидент банктерде ашылған өз банк шоттарына ақша аударымдарына клиенттердің есеп беретін банкте ашылған өз банк шоттарына ақша аударымдары (банкішілік аударымдар) да кіреді;

коды 24000 жол = коды 24100 жол + коды 24200 жол;

коды 25000 жол = коды 25100 жол + коды 25200 жол.

Ішкі валюта нарығында
шетел валютасына сұраныс
пен ұсыныс көздерінің,
сондай-ақ оны пайдалану
бағыттарының
мониторингін жүзеге
асыру жөніндегі
нұсқаулыққа
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2015 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан
"Банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып
алуы (сатуы) туралы есеп"

Есепті кезең: 20___ жылғы _______________

Индекс: 2-INV

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: уәкілетті банк

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-ші күніне (қоса алғанда) дейін.

Нысан

___________________________________________________________________

(уәкілетті банктің толық атауы)

## 1-бөлім. Банк операциялары

| № | Көрсеткіштің атауы | Жолдың коды | Барлығы (мың теңге) | Оның ішінде валюта түрлері бойынша ( валютаның мың бірлігімен) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | USD | EUR | RUB | CNY |
| А | Б | В | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Банктің шетел валютасын сатып алуы | 110000 | | | | | |
| 2 | оның ішінде: | | | | | | |
| 3 | банктің клиенттерінен | 110001 | | | | | |
| 4 | Қазақстан қор биржасында | 110002 | | | | | |
| 5 | банкаралық нарықта | 110003 | | | | | |
| 6 | Банктің шетел валютасын сатуы | 120000 | | | | | |
| 7 | оның ішінде: | | | | | | |
| 8 | банктің клиенттеріне | 120001 | | | | | |
| 9 | Қазақстан қор биржасында | 120002 | | | | | |
| 10 | банкаралық нарықта | 120003 | | | | | |

## 2-бөлім. Банк клиенттерінің операциялары
мың теңге

| № | Көрсеткіштің атауы | Жолдың коды | Барлығы | оның ішінде: | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | теңгеге | | басқа шетел валютасына | |
| | | | | банк клиенттерінің | | | |
| | | | | резиденттердің | резидент еместердің | резиденттердің | резидент еместердің |
| А | Б | В | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Банк клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы | 210000 | | | | | |
| 2 | оның ішінде: | | | | | | |
| 3 | жеке тұлғалар | 211000 | | | | | |
| 4 | оның ішінде клиенттердің шетел валютасындағы өз банк шоттарына аударылғаны | 211400 | | | | | |
| 5 | заңды тұлғалар | 212000 | | | | | |
| 6 | оның ішінде клиенттердің шетел валютасындағы өз банк шоттарына аударылғаны | 212400 | | | | | |
| 7 | оның ішінде мына мақсаттар үшін: | | | | | | |
| | қолма-қол шетел валютасын айырбастау | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | операцияларын жүргізу ( уәкілетті ұйымдар) | 212410 | | | X | | X | |
| 9 | төлемдер және ақша аударымдарын жүзеге аудару | 212420 | | | | | | |
| 10 | оның ішінде мына операциялар бойынша: | | | | | | | |
| 11 | тауарлар және материалдық емес активтерді сатып алу | 212421 | | | | | | |
| 12 | қызметтерді алу | 212422 | | | | | | |
| 13 | капиталға қатысуы бойынша дивидендтер мен өзге кірістерді төлеу | 212423 | | | | | | |
| 14 | қарыздар ұсыну/беру | 212424 | | | | | | |
| 15 | қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау | 212425 | | | | | | |
| 16 | бағалы қағаздармен операциялар | 212426 | | | | | | |
| 17 | басқалары | 212427 | | | | | | |
| 18 | резидент банктердің жинақ салымдарына орналастыру | 212430 | | | | | | |
| 19 | резидент емес банктердің шоттарына меншікті қаражатын аудару | 212440 | | | | | | |
| 20 | Банк клиенттерінің шетел валютасын сатуы | 220000 | | | | | | |
| 21 | оның ішінде: | | | | | | | |
| 22 | жеке тұлғалардың | 221000 | | | | | | |
| 23 | оның ішінде клиенттердің ұлттық валютадағы өз банк шоттарына аударылғандары | 221400 | | | | X | X | |
| 24 | заңды тұлғалар | 222000 | | | | | | |
| 25 | оның ішінде клиенттердің ұлттық валютадағы өз банк шоттарына аударылғандары | 222400 | | | | X | X | |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

________________________________________ ____________

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Бас бухгалтер _______________________________________ _______

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушы:____________________________________ _________ ____________

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы телефон

Есепке қол қойылған күн 20____ жылғы "_____" _______________

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

"Банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп"

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Банктің және оның клиенттерінің шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – 2-нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. 2-нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. 2-нысан банктің (1-бөлім. "Банк операциялары") және банк клиенттерінің ( 2-бөлім. "Банк клиенттерінің операциялары") шетел валютасын сатып алу және сату көлемін көрсетеді.

4. 2-нысанды толтырған кезде бухгалтерлік есеп мақсатында қабылданған операция жасалған күнгі қабылданған валюта айырбастау бағамы пайдаланылады. 2-нысанда негізгі валютаны валюталау күніне нақты қоя отырып , шетел валютасын теңгеге, сол сияқты шетел валютасына сату және сатып алу көлемдері көрсетіледі. Мың бірлікпен берілген деректер үшін бес жүз бірліктен кем сома нөлге дейін, ал бес жүз бірлікке тең және одан асатын сома мың бірлікке дейін дөңгелектенеді.

2. 2-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бөлімнің және 2-бөлімнің 1-бағаны бойынша сатып алынатын немесе сатылатын шетел валютасының жалпы көлемі мың теңгемен көрсетіледі. 1-бөлімнің 2, 3, 4, 5-бағандары бойынша, тиісінше, сатып алынатын және сатылатын АҚШ долларының (USD), еуроның (EUR), ресей рублінің (RUB) және қытай юанінің (CNY) көлемі тиісті валютаның мың бірлігімен көрсетіледі.

6. 1-бөлімнің кодтары 110000 және 120000 жолдарына банк клиенттерімен айырбастау операциялары (банктің айырбастау пункттері арқылы жеке тұлғалармен операцияларды қоспағанда) және Қазақстан қор биржасы мен банкаралық нарықта жасалған операциялар бойынша мәліметтер кіреді.

7. 2-бөлімде деректер шетел валютасын теңгеге және басқа шетел валютасына сатып алу (сату) операциялары, сондай-ақ резидент клиенттер және резидент емес клиенттер жүзеге асыратын операциялар бойынша көрсетіледі

2-бөлімге жеке тұлғалардың шетел валютасын банктің айырбастау пункттері арқылы сатып алуы (сатуы) бойынша операциялары кірмейді.

8. 2-нысанды толтырған кезде мына талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

коды 110000 жол >= коды 110001 жол + коды 110002 жол + коды 110003 жол;

коды 120000 жол >= коды 120001 жол + коды 120002 жол + коды 120003 жол;

2-бөлімде барлық жолдар бойынша 1-баған 2, 3, 4, 5-бағандардың сомасына тең;

коды 210000 жол = коды 211000 жол + коды 212000 жол;

коды 211000 жол >= коды 211400 жол;

коды 212000 жол >= коды 212400 жол;

коды 212400 жол = коды 212410 жол + коды 212420 жол + коды 212430 жол + коды 212440 жол;

коды 212420 жол = коды 212421 жол + коды 212422 жол + коды 212423 жол + коды 212424 жол + коды 212425 жол + коды 212426 жол + коды 212427 жол;

коды 220000 жол = коды 221000 жол + коды 222000 жол;

коды 221000 жол >= коды 221400 жол;

коды 222000 жол >= коды 222400 жол.

2-нысанды толтырған кезде 2-нысанның және 1-нысанның деректерін төмендегідей келісу қамтамасыз етіледі:

2-нысанның 2-бағанының коды 211400 жолы = 1-нысанның коды 14100 жолы (2-баған + 3-баған);

2-нысанның 3-бағанының коды 211400 жолы = 1-нысанның коды 14100 жолы (4-баған + 5-баған);

2-нысанның 2-бағанының коды 212400 жолы = 1-нысанның коды 14200 жолы (2-баған + 3-баған);

2-нысанның 3-бағанының коды 212400 жолы = 1-нысанның коды 14200 жолы (4-баған + 5-баған);

2-нысанның 2-бағанының коды 221400 жолы = 1-нысанның коды 24100 жолы (2-баған + 3-баған);

2-нысанның 3-бағанының коды 221400 жолы = 1-нысанның коды 24100 жолы (4-баған + 5-баған);

2-нысанның 2-бағанының коды 222400 жолы = 1-нысанның коды 24200 жолы (2-баған + 3-баған);

2-нысанның 3-бағанының коды 222400 жолы = 1-нысанның коды 24200 жолы (4-баған + 5-баған).

Ішкі валюта нарығында
шетел валютасына сұраныс
пен ұсыныс көздерінің,
сондай-ақ оны пайдалану
бағыттарының
мониторингін жүзеге
асыру жөніндегі

нұсқаулыққа
3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2015 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан
"Клиенттердің шетел валютасындағы банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп"

Есепті кезең: 20___ жылғы _______________

Индекс: 3-INV

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: уәкілетті банк

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-ші күніне (қоса алғанда) дейін.

Нысан

_________________________________________________________________

(уәкілетті банктің толық атауы)

банк шоты валютасының мың бірлігімен

| № | № | Жолдың коды | Барлығы | | | 1 | | | ... | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Клиенттің атауы | | | | | | | | | | |
| | Клиенттің бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) | | | | | | | | | | |
| | Көрсеткіштің атауы \ Банк шотының валютасы | | USD | EUR | RUB | USD | EUR | RUB | USD | EUR | RUB |
| А | Б | В | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1 | Кезең басындағы қалдық | 100000 | | | | | | | | | |
| 2 | Клиенттердің шетел валютасындағы банк шоттарына түсім, барлығы | 210000 | | | | | | | | | |
| 3 | оның ішінде: | | | | | | | | | | |
| 4 | резиденттерден | 211000 | | | | | | | | | |
| 5 | оның ішінде мына операциялар бойынша: | | | | | | | | | | |
| 6 | тауарлар және материалдық емес активтерді сату | 211110 | | | | | | | | | |
| 7 | қызмет көрсету | 211120 | | | | | | | | | |
| 8 | Берілген қарыздар бойынша негізгі борыш және кірістер сомасын алу | 211130 | | | | | | | | | |
| 9 | резидент банктерден қарыздар тарту | 211140 | | | | | | | | | |
| 10 | бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар: | 211150 | | | | | | | | | |
| 11 | резиденттердің | 211151 | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 12 | резидент еместердің | 211152 | | | | | | | | | |
| 13 | басқа да ақша аударымдары | 211160 | | | | | | | | | |
| 14 | резидент еместерден | 212000 | | | | | | | | | |
| 15 | оның ішінде мына операциялар бойынша: | | | | | | | | | | |
| 16 | тауарлар және материалдық емес активтерді сату | 212110 | | | | | | | | | |
| 17 | қызмет көрсету | 212120 | | | | | | | | | |
| 18 | берілген қарыздар бойынша борыш пен және кірістер сомасын алу | 212130 | | | | | | | | | |
| 19 | қарыздар тарту | 212140 | | | | | | | | | |
| 20 | бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар: | 212150 | | | | | | | | | |
| 21 | резиденттердің | 212151 | | | | | | | | | |
| 22 | резидент еместердің | 212152 | | | | | | | | | |
| 23 | басқа да ақша аударымдары | 212160 | | | | | | | | | |
| 24 | клиенттердің өз банк шоттарынан ақша аударуы | 210300 | | | | | | | | | |
| 25 | оның ішінде мыналарда ашылған: | | | | | | | | | | |
| 26 | резидент банктерде | 210301 | | | | | | | | | |
| 27 | резидент емес банктерде | 210302 | | | | | | | | | |
| 28 | теңгеге шетел валютасын сатып алу | 210400 | | | | | | | | | |
| 29 | қолма-қол және шетел валютасын өз банк шоттарына есептеу | 210500 | | | | | | | | | |
| 30 | Клиенттердің шетел валютасындағы банк шоттарынан ақшаны алу, барлығы | 220000 | | | | | | | | | |
| 31 | оның ішінде мыналардың пайдасына: | | | | | | | | | | |
| 32 | резиденттердің | 221000 | | | | | | | | | |
| 33 | оның ішінде мына операциялар бойынша: | | | | | | | | | | |
| 34 | тауарлар және материалдық емес активтерді сатып алу | 221110 | | | | | | | | | |
| 35 | қызметтер алу | 221120 | | | | | | | | | |
| 36 | қарыздар беру | 221130 | | | | | | | | | |
| 37 | резидент банктерден қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау | 221140 | | | | | | | | | |
| 38 | бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар: | 221150 | | | | | | | | | |
| 39 | резиденттердің | 221151 | | | | | | | | | |
| 40 | резидент еместердің | 221152 | | | | | | | | | |
| 41 | басқа да ақша аударымдары | 221160 | | | | | | | | | |
| 42 | резидент еместерден | 222000 | | | | | | | | | |
| 43 | оның ішінде мына операциялар бойынша: | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 44 | тауарлар және материалдық емес активтерді сатып алу | 222110 | | | | | | | | | |
| 45 | қызметтер алу | 222120 | | | | | | | | | |
| 46 | қарыздар беру | 222130 | | | | | | | | | |
| 47 | қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау | 222140 | | | | | | | | | |
| 48 | бағалы қағаздармен, вексельдермен операциялар және капиталға қатысуды қамтамасыз ететін жарналар: | 222150 | | | | | | | | | |
| 49 | резиденттердің | 222151 | | | | | | | | | |
| 50 | резидент еместердің | 222152 | | | | | | | | | |
| 51 | басқа да ақша аударымдары | 222160 | | | | | | | | | |
| 52 | клиенттердің өз банк шоттарына ақша аударымдары | 220300 | | | | | | | | | |
| 53 | оның ішінде мыналарда ашылған: | | | | | | | | | | |
| 54 | резидент банктерде | 220301 | | | | | | | | | |
| 55 | резидент емес банктерде | 220302 | | | | | | | | | |
| 56 | теңгеге шетел валютасын сату | 220400 | | | | | | | | | |
| 57 | қолма-қол шетел валютасын өз банк шоттарынан алу | 220500 | | | | | | | | | |
| 58 | Кезең аяғындағы қалдық | 300000 | | | | | | | | | |
| 59 | Шетел валютасын сатып алу (оның ішінде басқа шетел валютасына), барлығы | 410400 | | | | | | | | | |
| 60 | оның ішінде резидент еместердің пайдасына төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру үшін | 412400 | | | | | | | | | |
| 61 | Шетел валютасын сату (оның ішінде басқа шетел валютасына), барлығы | 420400 | | | | | | | | | |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)
________________________________________ ____________
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Бас бухгалтер _______________________________________ _______
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Орындаушы:_____________________________________ _________ ____________
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы телефон
Есепке қол қойылған күн 20____ жылғы "_____" ________________

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

"Клиенттердің шетел валютасындағы банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп"

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Клиенттердің шетел валютасындағы банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – 3-нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. 3-нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. 3-нысан тізбесін банк клиенттері жасайтын валюталық операциялардың көлеміне қарай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) қалыптастырып, жаңартатын банк клиенттерінің операциялары бойынша жасалады (бұдан әрі – Клиенттердің тізбесі).

Клиенттердің тізбесіне Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын, операциялары ішкі валюта нарығында шетел валютасы ұсынысының немесе шетел валютасына сұраныстың негізгі көлемдерін қамтамасыз ететін резидент емес заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері кіреді.

Клиенттердің тізбесін Ұлттық Банк жаңартып отырады және жаңартылуына қарай банкке жазбаша түрде жіберіледі.

2. 3-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

4. 3-нысан банктің Клиенттер тізбесіне кіретін әрбір клиенті үшін толтырылады. 3-нысан банк клиенттерінің шетел валютасындағы банк шоттарының жалпы жай-күйін көрсетеді: банк клиенттерінің мына валюталармен : АҚШ долларымен, еуромен, ресей рублімен ашылған банк шоттары бойынша операциялар нәтижесінде болған, есепті кезеңдегі өзгерістерді бөле отырып, кезең басындағы және аяғындағы қалдықтарды көрсетеді. Деректер банк шоты валютасының мың бірлігімен толтырылады. Мың бірлікпен берілген деректер үшін бес жүз бірліктен кем сома нөлге дейін, ал бес жүз бірлікке тең және одан асатын сома мың бірлікке дейін дөңгелектенеді.

5. 3-нысанды толтырған кезде банк клиенттің төлемін/аударымын банк шоты валютасынан басқа валютамен жүргізген жағдайда, төлем/аударым валюта айырбасы ретінде емес, нағыз мәнімен көрсетіледі.

6. 3-нысанды толтырған кезде мына талаптардың орындалуы қамтамасыз етіледі:

кестенің барлық жолдары бойынша 1, 2, 3-бағандар барлық клиенттер бойынша банк шотының тиісті валютасы бойынша мәндердің сомаларына тең;

коды 100000 жол = өткен есепті кезеңнің коды 300000 жолы;

коды 300000 жол = коды 100000 жол + (коды 210000 жол - коды 210400 жол) + коды 410400 жол - (коды 220000 жол - коды 220400 жол) - коды 420400 жол;

коды 210000 жол = коды 211000 жол + коды 212000 жол + коды 210300 жол + коды 210400 жол + коды 210500 жол;

коды 211000 жол = коды 211110 жол + коды 211120 жол + коды 211130 жол + коды 211140 жол + коды 211150 жол + коды 211160 жол;

коды 211140 жолда резидент банктерден қарыздар тарту бойынша операцияларға есеп беретін банктен тартылған қарыздар да кіреді;

коды 211150 жол = коды 211151 жол + коды 211152 жол;

коды 212000 жол = коды 212110 жол + коды 212120 жол + коды 212130 жол + коды 212140 жол + коды 212150 жол + коды 212160 жол;

коды 212150 жол = коды 212151 жол + коды 212152 жол;

коды 210300 жол = коды 210301 жол + коды 210302 жол;

коды 210301 жолда клиенттердің резидент банктерде ашылған өз банк шоттарынан ақша аударымдарына клиенттердің есеп беретін банкте ашылған банк шотынан ақша аударымдары (банкішілік аударымдар) да кіреді;

коды 220000 жол = коды 221000 жол + коды 222000 жол + коды 220300 жол + коды 220400 жол + коды 220500 жол;

коды 221000 жол = коды 221110 жол + коды 221120 жол + коды 221130 жол + коды 221140 жол + коды 221150 жол + коды 221160 жол;

коды 221140 жолда резидент банктерден тартылған қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау операцияларына есеп беретін банктен тартылған қарыздар бойынша міндеттемелерді орындау операциялары да кіреді;

коды 221150 жол = коды 221151 жол + коды 221152 жол;

коды 222000 жол = коды 222110 жол + коды 222120 жол + коды 222130 жол + коды 222140 жол + коды 222150 жол + коды 222160 жол;

коды 222150 жол = коды 222151 жол + коды 222152 жол;

коды 220300 жол = коды 220301 жол + коды 220302 жол;

коды 220301 жолда клиенттердің резидент банктерде ашылған банк шоттарына ақша аударымдарына клиенттердің есеп беретін банкте ашылған өз банк шотына ақша аударымдары (банкішілік аударымдар) да кіреді;

коды 410400 жол >= коды 412400 жол.

Ішкі валюта нарығында
шетел валютасына сұраныс
пен ұсыныс көздерінің,
сондай-ақ оны пайдалану
бағыттарының
мониторингін жүзеге
асыру жөніндегі
нұсқаулыққа
4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.03.2015 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

"Банк клиенттерінің шетел валютасының ірі көлемдерін сатып алу операциялары туралы есеп"

Есепті кезең: 20___ жылғы _______________

Индекс: 4-INV

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынады: уәкілетті банк

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-ші күніне (қоса алғанда) дейін.

Нысан

___________________________________________________________________

(уәкілетті банктің толық атауы)

| № | Клиенттің атауы | Жолдың коды | Барлығы | | | | | 1 | | | | | ... | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Клиенттің бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) | | Барлығы (мың теңге) | оның ішінде, валюталар түрі бойынша (валютаның мың бірлігінде) | | | | Барлығы (мың теңге) | оның ішінде, валюталар түрі бойынша (валютаның мың бірлігінде) | | | | Барлығы (мың теңге) | оның валю бойы мың б |
| | Көрсеткіш тің атауы | | | USD | EUR | RUB | CNY | | USD | EUR | RUB | CNY | | USD |
| А | Б | В | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 1 | 2 |
| 1-бөлім. Шетел валютасын сатып алу және сату (валюталардың барлық түрлері) | | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | Шетел валютасын сатып алу | 212100 | | | | | | | | | | | | |
| 2 | оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| 3 | шетел валютасындағы ағымдағы шотқа есептелді | 212101 | | | | | | | | | | | | |
| 4 | шетел валютасындағы жинақ шотына есептелді | 212102 | | | | | | | | | | | | |
| 5 | басқа резидент-банктердегі өз шоттарына аударылды | 212103 | | | | | | | | | | | | |
| 6 | басқа резидент-банктердің шоттарына басқа тұлғалардың пайдасына аударылды | 212104 | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | басқа резидент емес банктердің шоттарына басқа тұлғалардың пайдасына аударылды | 212105 | | | | | | | | | | | | |
| 8 | резидент емес-банктердің өз шоттарына аударылды | 212106 | | | | | | | | | | | | |
| 9 | қолма-қол ақшамен берілді | 212107 | | | | | | | | | | | | |
| 10 | Шетел валютасын сату, барлығы | 222100 | | | | | | | | | | | | |
| 11 | оның ішінде: | | | | | | | | | | | | | |
| 12 | басқа шетел валютасына | 222120 | | | | | | | | | | | | |
| 13 | теңгеге | 222110 | | | | | | | | | | | | |
| 14 | оның ішінде ұлттық валютада банк шоттарына есептелді | 222111 | | | | | | | | | | | | |
| 2-бөлім. Шетел валютасын ұлттық валютаға сатып алу мақсаттары | | | | | | | | | | | | | | |
| 15 | Шетел валютасын теңгеге сатып алу, барлығы | 121100 | | | | | | | | | | | | |
| 16 | оның ішінде, мына мақсаттар бойынша: | | | | | | | | | | | | | |
| 17 | тауарлар мен материалдық емес активтерді сатып алу | 121101 | | | | | | | | | | | | |
| 18 | қызметтер алу | 121102 | | | | | | | | | | | | |
| 19 | капиталға қатысуы бойынша дивидендтер мен өзге кірістерді төлеу | 121103 | | | | | | | | | | | | |
| 20 | қарыздар ұсыну/беру | 121104 | | | | | | | | | | | | |
| 21 | қарыздар бойынша міндеттем елерді орындау | 121105 | | | | | | | | | | | | |
| 22 | бағалы қағаздармен операциялар | 121106 | | | | | | | | | | | | |
| 23 | өтеусіз қаржылық ( материалдық) көмек және басқа өтеусіз аударымдар | 121107 | | | | | | | | | | | | |
| 24 | резидент банктердің жинақ салымдарына орналастыру | 121108 | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 25 | резидент емес банктердің шоттарына меншікті қаражатын аудару | 121109 | | | | | | | | | | | | |
| 26 | қолма-қол шетел валютасын айырбастау операцияларын жүргізу (уәкілетті ұйымдар) | 121110 | | | | | | | | | | | | |
| 27 | басқасы | 121111 | | | | | | | | | | | | |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)
_________________________________________ ____________
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Бас бухгалтер _______________________________________ _______
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы
Орындаушы:____________________________________ _________ ____________
лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы телефон
Есепке қол қойылған күн 20____ жылғы "_____" ________________

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

"Банк клиенттерінің шетел валютасының ірі көлемдерін сатып алу операциялары туралы есеп"

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Банк клиенттерінің шетел валютасының ірі көлемдерін сатып алу операциялары туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – 4-нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. 4-нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. 4-нысанды есепті кезеңде жалпы сомасы екі миллиард теңгеден астам баламасындағы шетел валютасында сатып алу жүргізген резидент және резидент емес заңды тұлғалардың операциялары бойынша ай сайын уәкілетті банк толтырады.

4. 4-нысан банктің әрбір клиенті үшін толтырылады және клиенттің ұлттық валютаға және басқа шетел валютасына шетел валютасын сатып алу және сату көлемдерін (1-бөлім) және сатып алу мақсаттары бөлігінде ұлттық валютаға шетел валютасын сатып алу көлемдерін (2-бөлім) көрсетеді.

5. 4-нысанда шетел валютасын сатып алу және сату көлемдері валюталау күніне шетел валютасын нақты жеткізу бойынша көрсетіледі. 4-нысанды толтыру кезінде бухгалтерлік есеп мақсатында, операцияны жүргізу күніне қабылданған валюталарды айырбастау бағамы қолданылады. Мың бірлікте берілген сома үшін бес жүз бірліктен аз сома нөлге дейін дөңгелектендіріледі, ал бес жүзге және одан көп бірліктерге тең сома мың бірлікке дейін дөңгелектендіріледі.

2. 4-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. 1-бөлімнің және 2-бөлімінің 1-бағаны бойынша сатып алынатын және сатылатын шетел валютасының көлемдері мың теңгеде көрсетіледі. 1-бөлімнің және 2-бөлімінің 2, 3, 4, 5 бағандары бойынша, тиісінше, сатып алынатын және сатылатын АҚШ долларының (USD), еуро (EUR), ресей рублінің (RUB) және қытай юанінің (CNY) көлемдері тиісті валютаның мың бірлігінде көрсетіледі.

2-бөлімде шетел валютасын теңгеге сатып алу мақсаттары ұлттық валютаға шетел валютасын сатып алуға клиенттердің ресімдеген өтінімдерінің негізінде көрсетіледі.

4-нысанды толтыру кезінде мынадай талаптарды орындау қамтамасыз етіледі :

коды 212101 жол + коды 212102 жол + коды 212103 жол + коды 212104 жол + коды 212105 жол + коды 212106 жол + коды 212107 жол = коды 212100 жолға:

коды 222120 жол + коды 222110 жол = коды 222100 жол;

коды 222110 жол >= коды 222111 жол;

коды 212100 жол >= коды 121100 жол;

коды 121101 жол + коды 121102 жол + коды 121103 жол+ коды 121104 жол + коды 121105 жол + коды 121106 жол + коды 121107 жол + коды 121108 жол+ коды 121109 жол + коды 121110 жол+ коды 121111 жол = коды 121100 жол.

Коды 212104 жолға сондай-ақ есеп ұсынатын банкке басқа тұлғалардың банк шоттарына аударымдары кіргізіледі.

Ішкі валюта нарығында
шетел валютасына сұраныс
пен ұсыныс көздерінің,
сондай-ақ оны пайдалану
бағыттарының
мониторингін жүзеге асыру
жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан**
**"Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар**
**бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып**

**алуы**
**(сатуы) туралы есеп"**

Ескерту. Нұсқаулық 5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.02.2018 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## Есепті кезең: 20___ жылғы ____________________

Индекс: 5-INV
Кезеңділігі: ай сайын
Ұсынады: шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушы
Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Ұсыну мерзімі: ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне (қоса алғанда) дейін.
Нысан

______________________________________________________________________

(кәсіби қатысушының толық атауы)

## 1-бөлім. Кәсіби қатысушының операциялары

| № | Көрсеткіштің атауы | Жолдың коды | Барлығы мың (теңге) | Оның ішінде валюта түрлері бойынша (валютаның мың бірлігімен) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | USD | EUR | RUB | CNY |
| А | Б | В | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Кәсіби қатысушының клиенттердің тапсырмалары бойынша шетел валютасын сатып алуы | 111 | | | | | |
| 2 | Кәсіби қатысушының клиенттердің тапсырмалары бойынша шетел валютасын сатуы | 112 | | | | | |
| 3 | Бір клиенттің күніне шетел валютасын сатып алатын ең көп көлемі | 120 | | | | | |

## 2-бөлім. Шетел валютасымен операциялар жүзеге асырған клиенттер саны

| № | Көрсеткіштің атауы | Жолдың коды | Валюталар түрлері бөлігінде операциялар жүзеге асырған клиенттер саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | USD | EUR | RUB | CNY |

| А | Б | В | 1 | 2 | 3 | 4 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | шетел валютасын сатып алған клиенттер саны | 210 | | | | |
| 2 | шетел валютасын сатқан клиенттер саны | 220 | | | | |

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

________________________________________________________ _______
_______

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Бас бухгалтер ____________________________________________ _______
_______

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушы: ___________________________________ __________ ____
_______

лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) қолы телефоны

Есепке қол қойылған күн 20___ жылғы "____" _____________

"Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" әкімшілік деректер жинауға арналған нысанына қосымша

## Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алуы (сатуы) туралы есеп" нысанын (бұдан әрі – 5-нысан ) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. 5-нысан "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабы бірінші бөлігінің 11) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. 5-нысан шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға лицензиясы бар кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алу және сату көлемін (1-бөлім. "Кәсіби қатысушының операциялары") және шетел валютасын сатып алу және сату операцияларын жүзеге асырған клиенттер санын (2-бөлім. " Шетел валютасымен операциялар жүзеге асырған клиенттер саны") көрсетеді.

4. 5-нысанды толтырған кезде бухгалтерлік есеп мақсатында операция жасалған күні қабылданған валюта айырбастау бағамы пайдаланылады. 5-нысанда негізгі активті валюталау күніне нақты қоя отырып, шетел валютасын теңгеге, сол сияқты басқа валютаға сатып алу және сату көлемдері көрсетіледі. Мың бірлікпен берілген деректер үшін бес жүз бірліктен кем сома нөлге дейін, ал бес жүз бірлікке тең және одан асатын сома мың бірлікке дейін дөңгелектенеді.

## 2-тарау. 5-нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. 1-бөлімнің 1-бағаны бойынша сатып алынатын немесе сатылатын шетел валютасының жалпы көлемі мың теңгемен көрсетіледі. 1-бөлімнің 2, 3, 4 және 5-бағандары бойынша тиісінше сатып алынатын және сатылатын АҚШ доллары ( USD), еуро (EUR), Ресей рублі (RUB) және қытай юаны (CNY) көлемі тиісті валютаның мың бірлігімен көрсетіледі.

6. 1-бөлімнің 111 және 112-кодты жолдарында кәсіби қатысушының клиенттердің тапсырмалары бойынша Қазақстан қор биржасында айырбастау операциялары бойынша мәліметтер қамтылады.

7. 1-бөлімнің 120-кодты жолында валютаның әрбір түрі бойынша бір операциялық күндегі бір клиенттің тапсырмасы бойынша кәсіби қатысушы сатып алған шетел валютасының ең көп көлемі көрсетіледі.

8. 2-бөлімде валюталар түрлері бөлігінде кәсіби қатысушының шетел валютасын сатып алған және сатқан клиенттерінің саны туралы деректер көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК